

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Табантал орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің
№ 1 хаттамасы**

31.10.2023 ж.

Қатысқандар саны – 14

өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері-5

қамқоршылық кеңесінің мүшелері-9

Күн тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығының 3-тарау 12- тармағына сәйкес мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері /Мектеп директоры Калиев А.С./

Унгарова Г.С. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры А.С.Калиевке берді.

СӨЙЛЕУШІ:

А.С.Калиев -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Табантал орта мектебінің кезектен тыс өткізілген №1 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2023 жылдың қазанның 02-31 аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына **«қанағаттанарлық»** деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс

оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі - мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте соңғы үлгідегі Сенсорлық тақталардың жоқтығын сөзге тиек етті», сонымен қатар біліктілік санаты бар педагогтардың санын арттыру керек екенін ескертті.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы - өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жағдай жасау керектігін атап өтті.


Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып


ШЕШІМ ЕТТІ:


1. Мектеп басшысының Табантал орта мектебінің өзін-өзі бағалау жөніндегі есебі қабылдансын.
2. Табантал орта мектебінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.


Кеңес төрағасы:  Унгарова Г.С

Хатшы:  Дабылбаева А.Г


Кеңес мүшелері:  Калиева Ш.С

 Балабаева К.М

 Танауова А.К

 Койшыбаев К.У

 Курманиязова Н.А

 Сатбаева М.И

 Шайкенов Н.К

 Ильясова А.Н